

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін автомобильдер сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 304 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдардың тізбесі және 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сатып алынатын техниканың саны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген тізбеге сәйкес автомобильдер сатып алсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен бірлесіп (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен сатып алынған автомобильдерді тиісті мемлекеттік органдардың теңгеріміне берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 0 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Мемлекеттік органдардың тізбесі және 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сатып алынатын техниканың саны

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.12. N 1046 қаулысымен .

Р/с Мемлекеттік	органның Автомобильдің	атауы	Саны,
N	а т а у ы		б і р л і к

1	2	3	4
Автомобильдер сатып алу			
1	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	Мерседес-Бенц, S класы Мерседес-Бенц, E класы Жолсызбен жүретін автомобиль, Автобус 1	18 4 1
2	Қазақстан Республикасы Парламентінің	Фольксваген Пассат Автобус Ш а р у а ш ы л ы қ б а с қ а р м а с ы	8 1
Ж и ы н ы			3 3